




«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» ҚеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» ҚеАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректор  
*С.Н.Идрисов* С.Н.Идрисов  
«21» 04 2021ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ҮЛГЕРІМІН, АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДАН  
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ №116

Атырау 2021 ж.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Басылым: үшінші
	Білім алушылардың атындағы үлгерімін, арасын бакылаудан откізу туралы Ереже	2-бет, 40 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Көльғ	Күні
<b>Жасақтаган</b>	Тіркеу кенессінің жетекшісі	Э.И.Куккузова		20.01.21
<b>Келісілді</b>	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а.	К.М.Утенкалиева		20.01.21
	Сапа мониторингі кенессінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Зан кенесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

## Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі	5
5	Критериалды бағалау құрылымы	6
6	Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау откізудің тәртібі	8
7	Білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыруға және өткізуге койылатын таланттар	9
8	"Қазақстаниң қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан откізудің тәртібі	12
9	Ағымдық, аралық бақылау және аралық аттестаттауға арналған бағалау күралдары	13
10	Білім алушыларды бағалау жүйесі	19
11	Тест тапсырмаларының банкін қалынтастыру және аралық бақылауды дайындау және откізу рәсімі	20
12	1 қосымша	23
	2 қосымша	25
	3 қосымша	26
	4 қосымша	27
	5 қосымша	28
	6 қосымша	29
	7 қосымша	31
	8 қосымша	32
	9 қосымша	34
	10 қосымша	35
	11 қосымша	36
	12 қосымша	38
13	Танысу парагы	39
14	Озгертулер мен қосымшаларды тіркеу парагы	40

## 1 Жалпы ережелер

Ереже Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде білім алушылардың үлгерімін ағымдагы бакылауын, аралық аттестаттауды откізудің тәртібі мен процедураларын айқындайды.

## 2 Қысқартулар

Х.Досмұхамедов атындағы АтУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті СМЖ – Сана менеджменті жүйесі

ПОҚ – Профессор-окытушылар кұрамы

АМЖИ – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

ТК-Тіркеу көнсөсі

ӘБҚ – Әкімшілік басқарушылық кұрамы

АБ – аралық бакылау

СОЖ – студенттің өзіндік жұмысы

МОЖ – магистранттың өзіндік жұмысы

ҚБ – корытынды бакылау

ЕБ – емтихандық баға

## 3 Нормативтік сілтемелер

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің білім алушыларының ағымдагы үлгерімін, аралық бакылаудың откізу ережесі келесі күжаттарға сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-111 Заңы (43-1-бап. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының қызметі мен құзыреті. 2 тармак 10 тармақша);

- «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Жарғысы, сондай-ақ, келесілерге сәйкес:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 30 қазан № 595 тиесті тиитегі білім беру үйымдарының қызметіне арналған үлгі ережерге;

- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің академиялық саясатына;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бүйрүгімен, 2018 жылғы 12 қазаның №563 бүйрүгімен өзгертілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін үйымдастыру ережелеріне;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бүйрүгімен бекітілген Білім берудің тиесті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына.

- ИСО 9001:2015 Халықаралық Стандартының талаптарына

Ережеде келесі негізгі үгымдар мен анықтамалар колданылады:

- 1) білім алушылардың окудағы жетістігі - білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның кол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен даңылары, құзыреті;

- 2) білім алушылардың окудағы жетістіктерін бакылау - жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бакылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (агымдық, межелік, корытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

- 3) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибелде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

- 5) білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір болігінің мазмұнын аяқтаған болғаннан кейин оның игеру санаасын бағалау максатында откізілетін рәсім;

- 6) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бакылау - академиялық кезең ішінде, оқытушымен өткізілетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабактарда білім алушылардың білімін оку бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;
- 7) қорытынды бакылау - емтихан түріндегі аралық аттестаттау кезеңінде жүргізілген оку пәні бағдарламасын бағалау сапасының мақсатын игеру. білім алушылардың окудагы жетістігін бакылау; егер бірнеше академиялық кезеңдер барысында пәндер оқытылатын болса, онда оқытылған нақты академиялық кезеңде, пәндерге бөлімдер бойынша, қорытынды бакылау жүргізіледі;
- 8) транскрипт (Transcript) (транскрипт) - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиесті оку кезеңі ішіндегі итерілген пәндер және (немесе) модульдер тізбесі мен оку жұмысының баска түрлерінен құралған құжат;
- 9) тіркеу көнсөсі - білім алушылардың оку жетістіктерінің тарихын олардың мемлекеттік кредиттің есептей отырып тіркеумен шұтылданатын және білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды үйімдастыратын академиялық қызмет;
- 10) оку үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – аралық аттестаттау пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына карай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының катынасы ретінде білім алушының гаңдаған бағдарлама бойынша бір оку жылындағы кол жеткізген оку үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;
- 11) білім алушылардың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - БӘЖ) - өз бетінше окуға берілген, оку-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бакылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бағыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс;
- 12) оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӘЖ) – бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының дәрісханадан тыс жұмысы; білім алушының санатына карай ол: оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӘЖ) және оқытушының басшылығымен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӘЖ) болып болінеді;
- 13) Рефлексия - бұл өзін-өзі тану, қайта ойлау және өз жұмысын талдау үшін бағытталған ойлау үдерісі;
- 14) жиынтық бағалау – белгілі бір оку кезеңнін (семестр/триместр, оку жылы), сондай-ақ оку бағдарламасына сәйкес болімдерді (ортак тақырыптарды) оқып аяктаганиан кейін өткізілетін бағалау түрі;
- 15) формативті бағалау – күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдагы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, окушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру үрдісін жетілдіруге мүмкіндік береді;
- 16) оку максаттары – күтілетін истижелердің жиынтығы талаптарына сәйкес келетін, коғамның және жеке тұлғаның осуі;
- 17) жіберу рейтингі – бұл оку жұмысының түрлері бойынша қорытынды бакылау тапсыруға рұқсат алатын ен төменгі кореесткіші.

#### **4 Білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау жүйесі**

- 4.1 Білім алушылардың окудагы жетістіктерін бағылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық бакылау, аралық және қорытынды аттестаттау) білімді бағалаудың әріптік балдық-рейтингтік жүйесі арқылы бағаланады.
- 4.2 Эрбір пән бойынша білім алушылардың оку жетістіктерінің деңгейі жіберу

рейтингісінін бағасынан және корытынды бакылау бағасынан құралатын корытынды бағамен аныкталады.

- 4.3 Ағымдық және межелік бакылаудың барлық түрлерінің бағасын, сабак өткізетін пән оқытушысы бағалайды.
- 4.4 Корытынды бақылау аралық аттестация кезінде өткізіледі. Білім алушының 1,2 аралық бақылау бағасы, егер білім алушыда он бағалар болған жағдайда есептеледі. Жіберу рейтингі мен корытынды бакылаудан (емтиханнан) он баға алған жағдайда иән бойынша корытынды баға есептеледі.
- 4.5 Білім алушы корытынды бақылау бағасына шағымдана алады. Осы мақсатта біліктілігі апелляцияланатын пән бейніне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия құрамы академиялық бір оқу жылына құрылады және Ректормен бесітіледі және бұйрық шығарылады.
- 4.6 Қесіптік практиканы (оку, оқу-танысу, педагогикалық, кәсіби және т.б.) бағалау X. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті білім алушыларының қесіптік практиканы откізу мен үйімдастыру ережесіне сәйкес бағаланады.
- 4.7 Білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау жүйесінде академиялық үлгерім деңгейі маңызды орын алады, ол GPA түрінде аныкталады.

## **5 Оқу жетістіктерін бағалау жүйесі**

- 5.1 Білім алушының оқу жылы бойы үлгерімі мен окудағы жетістіктері туралы ақпаратты жинау үшін бағалаудың 2 түрі колданылады: формативті және суммативті. Бағалауга деген көзқарас пәннің мазмұны мен критериалды бағалау түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін. Қазіргі кезеңдегі білім беру парадигмасына сәйкес ләріс сабактарын өткізу әдістемесі, семинар және практикалық сабактардың жүргізілуі әдістемелері озгереді, мұнда шолу-талқылау, негізгі мәселелер бойынша дискуссиялар, тренингтік сабактар, мастер-класстар және т.б. үйімдастырылады. Мұндай сабактарда формативті бағалау іске асырылады.
- 5.2 Формативті бағалау косымша жағтығулар мен тестілер түрінде емес, оқытудың белгілісес курамдас белгілі ретінде болуы тиіс. Силлабустағы әрбір модульдің оқыту мақсаты мен күтілетін нәтижесі формативті бағалаудың мазмұнын айқындайды. Мұнда формативті бағалау стандартталған емес, яғни әрбір оқытушы өзінің формативті бағалау тәжірибесін анықтай алады және оның нәтижесіне жауапты болады. 1 Таблица. Формативті бағалау баллдар койылмай және бағалаусыз білім алушылар мен оқытушылар арасындағы үзіліссіз кері байланысты қамтамасыз етеді. Формативті бағалауда білім алушы кателесуге және оны түзетуге құқылы. Бұл білім алушының мүмкіндіктерін, қынышылықтарын анықтауга, жоғары нәтижелерге жетуге комектесуге, керекті уақытында оқыту үдерісін реттеуге мүмкіндік береді. Формативті бағалау ағымдағы сабактарда, озбетімен жұмыста, білім алушының ғылыми-зерттеу жұмыстарына кенес беру барысында жүзеге асырылады және оған дербестікті, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттері мен құзыреттіліктерді дамыту кіреді.

### 1-кесте. Формативті бағалау инструменттерінің мысалдары

Оқыту мақсаты	Бағалаудың үсінілатын инструменттері
Критериалды ойлауды қалыптастыру, пайымдауларды тұжырымдау (дәлелдеуі, рефлексия, бағалау, ой корытындысы және т.б.)	Эссе жазу Жағдаяттарға сини талдау Караптырылған әдебиеттерге сини баға беру Кері байланыс күнделігін жүргізу Хабарлама/ баяндама жасауға дайындық (мәселеін нактылау және оны шешу тәсілдері). Макаланы дайындау/ жазу Макала, кітапқа, монографияга комментарий жазу
Мәселеін шешу/ жоспарлау (мәселеі анықтау немесе кою, деректерді жинау және талдау, ондеу, экспериментті жоспарлау, теорияны және мәліметті пайдалану және т.б.)	Жағдаятты/жадайты талдау Мәсслеге сценарий күру Жағдаятты модельдеу. Топтық жұмыс (белгіленген мәселеі ұжымдық талқылау және оның шешуін іздеу). Оринтистермен мәселеі/ тәжірибелі және жеке жұмыстарды талқылау және кері байланыс Накты мәселе бойынша зерттеу сұранысының жобасын дайындау
Операциялар демонстрациясын, техникасын орындау (есептеу, мәтінмен жұмыс, жабдықтарды пайдалану, процедуralарды орындау, протоколдарды толтыру, инструкцияны орындау және т.б.)	Лабораторлық жұмыс есебін дайындау Тәжірибелі/ экспериментті көрсету Рольдік ойындарға катысу Бағдарламалық камтамасыз ету және видео пайдалану Презентация плакатын дайындау
Басқару/даму (озін-өзі басқару және өзін-өзі дамыту) (жеке және ұжымдық жұмыс дағдысы, өз окуы мен дамуына жауапкершілік, озінін оку қажеттіліктерін диагностикалау қабілеті, тайм-менеджментті іске асыру, өзін-өзі бағалауға оку ресурстарын іздестіру және т.б.)	Оқу келісім-шарттарын жасау және орындау (студенттердін мәселеі өздері қалыптастырып, жобалай отырып, орындастын өзін-өзі басқару жобасының формасы, тәуелсіз олшемдер арқылы өздерінің жетістіктерін бағалайды). Портфолио күру Озін-өзі бағалауды іске асыру Кері байланыс күнделігін жүргізу Озара бағалау Топтық жобаларға катысу және бағалау Озара оқыту
Білім/түсінігін көрсету (мазмұндау, суреттеу, тану, баяндау және т.б.)	Эссе жазу (акнаратты кайта жаңғыртуға бағытталу). Мультивариативтік сауалнаманы толтыру Тестілер/ шағын-тестілерді орындау Бакылау сауалнамалары.
Материалдарды әзірлеу/күру (жобалау, визуализация, күру, орындау және т.б.)	Портфолио күру, Презентация дайындау. Топтық жобаларға катысу Жарыстаға катысу Жоба енгізу және жобалау Орындалудын саңасын бағалау

Өзара әрекет коммуникациясы, (вербальды, вербальды смес жазбаша, ауызша, тоptyк коммуникация дағдысы; дәлелдеу, коргау, көлісөз, презентация, интервью алу дағдысы және т.б.)

Тоptyк жұмыстарға катысу. Дискуссия (дебат, келіссөз) катысу. Рольдік ойындарға катысу Жазбаша презентация дайындау (әссе, есеп, кері байланыс күнделігін және т.б.) Отін жатқанды видеожазбага түсіру арқылы жүретін жария презентацияға катысу Накты кәсіби дағдыны бақылау және демонстрациялау

- 5.3 Суммативті бағалау бағдар мен баға қою арқылы оқытушылар, білім алушылар және барлық мұдделі тұлғаларға білім алушының модулдер/ тақырыптар және накты оку кезеңіндегі (семестр/треместр, оку жылы) алға ұмтылуышылығы, жетістіктері туралы мәлімет беру үшін жүргізіледі. Бағалау үшін материалдарды жинактау кезінде 2-таблицада көрсетілген Блум таксономиясын қолдану үсынылады. Бұл белгілі бір кезеңіндегі оку бағдарламаларының мазмұнын мешгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Формативті және суммативті бағалау нәтижелері оқытушыға оқыту үдерісін жоспарлау, рефлексия және оқытушының өзінің тәжірибесін жаксарту үшін қолданылады.

## **2-кесте. Блум таксономиясының деңгейінің үлес салмағы**

	1 оку жылы	2 оку жылы	3 оку жылы	4/5 оку жылы
Бакалавриат/магистратура				
Білуі	60	40	20	10
Түсіну	30	30	20	10
Қолдануы	10/20	20/10	30	30
Анализ	-/40	10/30	10	30
Бана	-/20	-/30	10	10
Синтез	-/20	-/30		10

## **6 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдаты бақылау откізуін тәртібі**

- 6.1 Білім алушылардың үлгерімің ағымдаты бақылауы суммативті түрде бағаланады және аудиториялық пән аудиториялардан тыс сабактардағы білім бақылауын камтиды. Жіберу рейтингінің бағасы ағымдаты және межелік бақылаудан бағаларынан күралады.
- 6.2 Оку иәні бойынша ағымданы бақылау бір немесе бірнеше бақылау тапсырмасынан тұрады  
Ағымдағы бақылау білім алушылардың білімін, іскерлігін, дағылары мен күзыреттілігін сандық бағалауды камтамасыз етуі тиіс.
- 6.3 Аралық бақылау саын оқытуши озі анықтайды және силлабуста көрсетеді.
- 6.4 Өзіндік жұмыс тапсырмалары, кеңес беру уақыты, білім алушылардың білімін тексеру кестесі, оқытушының таланттары, білім алушылардың білімін бағалау критерийлері, пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі пән бағдарламаларында (силлабуста) көрсетілуі тиіс
- 6.5 Үлгерімді ағымдаты бақылау кезінде білім алушылардың оку жетістіктері әрбір орындалған тапсырма үшін 100 балдық шкала бойынша бағаланады, соның ішінде АБ және жіберу рейтингі академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасының есебімен жүргізіледі.

$$RD_1 = (TY_{n+1} + \dots + TY_n + RR_1) / n$$

$$RD_2 = (TY_{n+1} + \dots + TY_n + RR_2) / n$$

$$RD = RD_1 + RD_2 / 2$$

$$K = RD \times 0.6 + EB \times 0.4.$$

*RD*- жіберу рейтингі;  
*TY* – ағымдағы ұлғарім – әрбір орындалған тапсырма үшін үпай (аралық бакылаудан баска);  
*n* – ағымдағы семестр бойынша білім алушыларға орындалған тапсырмалардың саны (аралық бакылауды көспаганда);  
*RK* – әрбір аралық бакылау үшін үпай.  
*EB* – корытынды бакылау  
*EB* – емтихандық баға

### *Ескерте:*

- әрбір оқытушы ағымдағы семестрге арналған тапсырмалар санын өз бетінше анықтайды, ол жөумесінде бағдарламасында көрсетіледі (силабуста);
  - Егер білім алушы семестр бойы дәлелді себеппен сабакты откізіп алса, одан кейін он ағымдағы академиялық рейтинге ала алмаса немесе аралық бақылауды он үпайга тапсыра алмаса, онда ол СӨЖ кестесіне сәйкес үпайларды пысықтайды.
- 6.6 Тиісті пән бойынша корытынды бакылауга жіберілуу рейтингі курстық жұмысты/жобаны корыту корытындысы бойынша он үпай болған жағдайда есептеледі (егер силабуста каратырылса). Курстық жұмыстарды /жобаларды (50 үпайдан кем) тапсырмаган білім алушылар тиісті пән бойынша емтиханға жіберілмейді.
- 6.7 Ағымдағы бақылау балдарын ондау дәлелді себеппен растайтын құжаттар негізінде факультет деканының рұқсатымен жүзеге асырылады.
- 7 Білім алушыларды аралық аттестаттауды үйымдастыру және откізуге қойылатын талаптар**
- 7.1 Білім алушылар әрбір оқу пәнін бір академиялық кезеңде менигереді, оның аяқталуы бойынша білім беру бағдарламасында және(немесе) элективті пәндер каталогында көрсетілген нысанда корытынды бақылауды тапсырады, кәсіптік практикалардың, курстық жұмыстардың (жобалардың) барлық түрлерін қоспағанда, олар бойынша дифференциалды сынақ тапсырады.
- Дифференциалды сынактар балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес койылады және GPA есептеу кезінде ескеріледі.
- 7.2 Білім алушыларды аралық аттестаттау жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушылардың аралық аттестаттауды үйымдастыру және откізу тіркеу кеңесіне жүктеледі.
- 7.3 Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру нысаны болып табылады және академиялық кезеңдерінде оқу жетістіктерін бағалау мақсатын қөздейді.
- 7.4 Қысқы және жазты емтихандық сессиялар болып ажыратылады, олардың кезеңдері академиялық күнтізбеде көрсетіледі.
- 7.5 Емтихан кестесін Тіркеу кеңесінің мамандары тиісті факультеттердің деканаттарымен бірге жасап, академиялық мәсслелер жоніндегі проректормен бекітеді және емтихан сессиясы басталғанға дейін бір апта бүрін білім алушылар мен оқытушылардың назарына жеткізіледі.
- 7.6 Білім алушылар пән бойынша жіберу рейтингін ішін (50 балдан томен болса) он бағасы болмаса корытынды бақылауга (емтиханға) жіберілмейді.
- 7.7 Емтихандық сессияга жіберуі екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде факультет деканының жалпы өкімімен оку ақысын төлеу бойынша берешегі жок, пререквизиттер бойынша академиялық берешегі жок, академиялық демалыста немесе ұзак емделуде болмаган, флюро тексерісі бар, әскери-моюилизациялық бөлімде тіркелген (күндізгі оку нысанының үл балалары үшін) білім алушыларды өмтихан сессиясына жіберу жүргізіледі (факультет деканының өкімінде көзекті аралық аттестация жіберілмегендегі тізімі қорсетіледі (өкімде білім алушының тегі, аны, әкесінің аты (болған жаңдай), аны, курсы, мамандығы және/немесе академиялық тобы корсетіледі);

2) екінші кезеңде пән бойынша өмтиханға жіберу рейтингісінің бағасы негізінде автоматты түрде жіберіледі.

- 7.8 АИС Платонуста 7.7 пунктіге сәйкес, кейбір білім алушылардың өмтиханға жіберілмейу себептері қорсетіле отырып, академиялық потоктар шенберінде әр пән бойынша өмтихандық ведомості жүктелген.

Емтихан ведомосының нысаны 1-көсімнің келтірілген.

- 7.9 Тіркеу көнсесінің жетекшісі (карантиндік режим кезінде өмтихандық ведомост шығарылмайды, өмтихан багалары электрондық ведомостьке құйылады) өмтихан ведомосына кол кояды және өмтиханға бір күн калғанда өмтихан алушы оны тіркеу көнсесінен өзі алады.

- 7.10 Өмтихан откізу үшін осы оку пәнін бейініне сәйкес біліктілігі бар және осы лекте оку сабактарын өткізбеген жетекші профессорлар, доценттер, аға оқытушылар қатарынан өмтихан алушылар тағайындалады. Декан ұсынысы бойынша Тіркеу көнсесімен өмтихандық сессия кестесі жасақталады.

Емтихан тек пән бейініне сәйкес басқа өмтихан алушы болмаган жағдайда ғана сабак жүргізген оқытушы кабылданады.

- 7.12 Өмтихан кезінде білім алушылар пәннің оку бағдарламасын (силлабус) және өмтихан алушының рұқсатымен - анықтамалық әдебиетті найдаланады.

- 7.13 Өмтихан откізу рәсіміне катыспайтын тұлғалардың Тіркеу көнсесінің жазбаша рұқсатының катысуына жол берілмейді.

- 7.14 1) Факультет деканы жекелеген жағдайларда (науқастануы, отбасылық және қызметтік жағдайлары бойынша) білім алушыға жеке кесте бойынша өмтихан сессиясын тапсыруға рұқсат береді (деканның өкімі). Өкімдер білім алушыға жеке ведомость беру үйін тіркеуші көнсесіне беріледі. Білім алушы жеке тізімдемені студенттік билет/сынап кітапшасы немесе жеке куәлік ұсынған кезде озі алады. Өмтихан алушының жеке тізімдемесін кайтарады.

2) Өмтихан сессиясын жеке кесте бойынша тапсыруға факультет деканына ауруы туралы, баланың тууына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты, қызметтік немесе оку іссипарына байланысты растайтын анықтама ұсынылған жағдайда рұқсат етіледі.

3) Өмтихан "І" (**Incomplete**) бағасын қою арқылы кейінгі мерзімге ауыстырылады.

Егер білім алушы семестр бойы құжатпен расталған дәлелді себеппен аралық бақылау бойынша балл жинамаса (ауруы бойынша дәлелді құжаттарын ұсынумен, интернет жок шалғай елді мекендерде тұрады және т.б.), оған "І" ("Incomplete") бағасы койылуы мүмкін.

Қанықтықтан оқыту технологиялары арқылы білім алушылардың оку нәтижелеріне кол жеткізуін бағалауды жүргізу мүмкін болмаган жағдайларда, аралық аттестаттау негұрлым кеп мерзімге ауыстырылады, ал білім алушыға "аяқталмаған" ("І") бағасы койылады.

Сондай-ак, білім алушыға оку бағдарламасы (силлабус) ұсынатын барлық талантарды

орындаған, бірак жеткілікті техникалық құралдардың болмауына және (немесе) Интернет желісіне коллежімділіктің болмауына немесе шектеулі болуына байланысты аралық аттестаттауга кіріспеген жағдайларда "І" бағасы қойылуы мүмкін.

Стандартты бағаға "І" түзету үшін тиесті рұқсат алған білім алушы оқытушымен кездесуге және орындау үшін қажетті жұмыс көлемі мен түрлерін анықтауга міндетті.

Білім алушы факультет деканын хабарлар етеді, электронды өтініш жазады және декантада жібереді. Берілген өтініш негізінде тиесті бұйрық шыгарылады.

Егер білім алушы аралық аттестаттаудан корсетілген мерзімде өтпесе, білім алушыға "қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылады.

- 7.15 Оқу пәні бойынша аралық аттестаттауды откізу кезінде емтиханда алынған баға және жіберу рейтингі ескеріледі.  
Егер пән бойынша оку жоспарына сәйкес бакылау түрі тек курстық жұмыс (жоба) анықталса, онда курстық жұмысты (жобаны) коргау бойынша баға жалпы пән бойынша емтихан бағасы болып табылады. Бұл жағдайда жіберушінің рейтингі курстық жұмысты (жобаны) коргау бойынша үшілік ескерілмей анықталады.
- 7.16 Студенттің (білім алушының) емтихандагы үлгерімі білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.  
Оң баға (А-, А «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы», С-, С, Д+, Д-, «қанағаттанарлық») оқу пәні бойынша және алынған кредиттер көрсетілген білім алушының емтихан ведомосына жазылады.  
Баға F, FX «қанағаттанарлықсыз» емтихан ведомосына ғана жазылады.
- 7.17 Емтихан аяқтаппанинан кейін әрбір пән бойынша білім алушыға корытынды баға қойылады, ол оның оку жеткіліктерінің бағасы болып табылады:

$$И = RD \times 0,6 + Э \times 0,4,$$

И - пән бойынша корытынды бағасы;

RD - үлгерімді ағымдағы бакылау бағасы (жіберу рейтингі);

Э - корытынды бакылау бағасы (емтихан).

- 7.18 Егер білім алушы корытынды бакылау (емтихан) бойынша F, FX "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған жағдайда, пән бойынша корытынды баға сессиялай.
- 7.19 Емтихан бағасы Платонус АЛЖ-дагы электрондық емтихан ведомосына қойылады және әрбір пән бойынша білім алушының корытынды бағасы қалыптастырылады.
- 7.20 Академиялық тоғтың әрбір академиялық кезеңіне арналған жиынтық ведомость Платонустың АЛЖ-де автоматты түрде қалыптастырылады және ТК мамандарымен бағасы шыгарылады.
- 7.21 Бақтарма Торагасы-ректордың бүйрекімен мамандықтары емтихан сессиясы кезеңінде апелляцияданатын пәндерге сәйкес келетін оқытушылардан апелляциялық комиссия күрьяды.  
Емтихан сессиясы кезеңінде білім алушы әрбір пән бойынша апелляцияға өтініш беруге күкілі. Бұл үшін білім алушы емтихан нәтижелерін жариялаган немесе Platonus жүйесінде баға койған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде аттестаттау комиссиясы торагасының (факультет деканының) атына апелляцияға электрондық отініш беруге күкілі.  
Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде студенттің (магистранттың) жеке емтихан ведомосты жасалады, ол негізгі емтихан ведомостінде тіркеледі.

Корытынды бакылау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізлгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей білім алыш жатқан деканатта апелляциялық комиссия торағасының атына апелляцияга отініш (7-қосымша) жазады. Деканат өз кезегінде білім алушылардан түскен отініштерді мәселелерді карау үшін тиесті кафедраларға боладі. Комиссия апелляция нәтижелерін хаттамамен (7-қосымша) ресімдейді және онын шешімі негізінде білім алушыға апелляциялық ведомость (8-қосымша) жасайды. Содан кейін кафедра отінішті деканатқа қайтарады. Апелляциялық ведомості деканатпен тіркеу кенессіне тапсырылады.

- 7.22 Оң корытынды бага оку жұмысының тиесті түрі бойынша белгіленген кредиттер санымен игерілген кредиттерді толыктыру үшін негіз болады және білім алушының транскриптине енгізіледі.
- 7.23 "Fx" "канагаттанарлықсыз" бағасын алған кезде оку пәнінің (модульдің) бағдарламасын кайта отпей-ак ЖОО-ның академиялық күнтізбесіне сәйкес корытынды бакылауды (емтиханды) бір реттен артық емес кайта тапсыруға жол беріледі.
- 7.24 «Емтиханды F "канагаттанарлықсыз" бағасынан оң бағага қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пән бойынша силабуста қарастырылған барлық оку сабактарына қайта қатысады, рұқсат алады және корытынды бакылауды тапсырады. Бұл жағдайда білім алушы оку пәніне жазылу рәсімінен кайтадан өтеді.
- 7.25 FX "канагаттанарлықсыз" бағасын кайта тапсыру 7.23-тармакқа аналогиялық және ақылы негізде жүргізіледі.  
 Академиялық күнтізбеге сәйкес сол аралық аттестаттау мерзімі аяқталғанға дейін FX "канагаттанарлықсыз" бағасын оң бағага қайта тапсырған кезде мемлекеттік грант бойынша білім алушы стипендияга үміткер бола алады.
- 7.26 Білім алушы қалауды бойынша жаңы білім беретін пәндер циклін қоспағанда, бір рет "канагаттанарлықсыз" баға алған оку пәні жок басқа білім беру бағдарламасына ауыстырылады.
- 7.27 Сондай-ак білім алушылар қосымшина оку түрлерінің пәндері бойынша емтихан тапсыра алады, оларды тапсыру нәтижелері емтихан ведомосына, сынақ кітапшасына және транскрипте (әскери даярлықтан басқа) жазылады.
- 7.28 Қосымши білім алушылар, академиялық карыздарын немесе оку жоспарындағы академиялық айырмашылық пәндерін тапсыру, басқа ЖОО білім алушылар кредиттерді игеру үшін, үзгерімнің орга балын (GPA) котеру мақсатында жазғы демалыс кезінде 6 аптадан кем болмайтын жазғы семестр (бітіруші курсардан басқа білім алушыларға) үйымдастырылып откізіледі.
- 7.29 "Қазақстанның қазіргі тарихы" пәні бойынша білім алушыларды корытынды аттестациялауды және мемлекеттік емтиханды үйымдастыру мен өткізуге койылатын талаптар кафедра әзірлеген бағдарламамен реттеледі.
- 7.30 ЖОО-дан шығарылған білім алушына ЖОО-ның бірінші басшысы кол қойған және мормен бекітілген транскрипт жазылады (Қосымши 6).
- 8 "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан откізудің тәртібі**
- 8.1 "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырылады.
- 8.2 Мемлекеттік емтихан өткізуді "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" оку пәнін оқытатын кафедра факультет леканатымен және Тіркеу кенессімен бірлесе отырып жүзеге асырады.

- 8.3 "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра аталған пән бойынша үлгілік оку бағдарламасы негізінде оқудың барлық нысаны үшін бірыңғай оку жұмыс базадарламасын әзірлейді.
- 8.4 "Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу нысаны онлайн-прокторинген тестілеу болып табылады.
- 8.5 "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды кабылдау үшін факультет деканының ұсынысы бойынша күнтізбелік жылға мемлекеттік емтихан комиссиясы құрылады.
- 8.6 "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша АҚ торагасы мен құрамы оку-әдістемелік кеңес шешімі негізінде Әсқарма Торагасы - Ректор бұйрығымен бекітіледі.
- 8.7 Мемлекеттік емтиханниң кестесін тіркеу кеңессі, академиялық күнтізбеге сәйкес құрады және оны академиялық мәселелер жөніндегі проректор мемлекеттік емтиханның бағалаудына дейін бір аттадан кеңіктірмей бекітеді.
- 8.8 Мемлекеттік емтихан корытындысы білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланаады.  
Бұл ретте, қорытынды баға жіберілу рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасы ескеріле отырып қойылады. Жіберілу рейтингісінің бағасы мемлекеттік емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағанын 60%-ын құрайды.
- 8.9 "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханин алған бағаны кайта тапсыру және/немесе кайта оку осы Ереженің 7.22-7.24-тармагына сәйкес ұкас рәсім бойынша жүзеге асырылады.
- 8.10 Білім алушы мемлекеттік емтихан корытындысымен келіспесе, емтихан өткізілген күннен кейінгі жұмыс күннен кеңіктірмей АҚ-та апелляция беруіне болады.  
Апелляция өткізу үшін АМЖП бұйрығымен аталған пән бойынша тәжірибелі оқытушылар катарынан "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша апелляциялық комиссия құрылады.
- 8.11 "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханниң корытындысы осы емтиханды тапсыру көзделген емтихандық сессияның корытындысын шыгару барысында есепке алынады.
- 9 Ағымдық, аралық бакылау және аралық аттестаттауға арналған бағалау күралдары**
- 9.1 Білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстары plagiatқа тексеріледі.
- 9.2 Ағымдық бакылау түрлері мен бағалау өлшемдері бойынша ұсынымдар.
- Коллоквиум** - бұл оқу сабагы ретінде оқытушы мен білім алушы арасындағы әнімелесу немесе коллоквиумға берілген сұраптар бойынша жазбаша жұмыс түрінде үйимдастырылған пәннің тараулары мен тақырыптарының білім алушының менигергендігін аныктайтын ағымдық, аралық бакылау күралы.
- коллоквиум. Шын мәнінде, коллоквиум - бұл шағын емтихан, яғни коллоквиум жауаптарын бағалау кезінде емтиханда пайдаланылатын олишемдер колданылады.
- Бакылау жұмысы** - бұл белгілі бір тақырып немесе тарау бойынша алынған білімдір практикала пайдалану дайдысын тексеру күралы.
- Бакылау жұмысы- белгілі бір уақытта орындалатын жазбаша тапсырма (аудиторлық жұмыс жағдайында - 30 минуттай 2 сағатқа дейін, бір күннен бірнеше күнге дейін).

Бақылау формасы	Бағалау олшемдері	Балл
<b>Бақылау жұмысы</b>	<i>берілген жауаптарға сәйкестігі;</i> <i>іс-әрекетті орындау алгоритмін дұрыс пайдалану</i> <i>(әдістемелер, технологиялар және т.б.)</i> <i>бағалау логикасы;</i> <i>ищілік қабылдаудағы ерекшелігі</i>	<i>100 балл</i>

Егер тапсырмалар окулыктардан, оқу күралдарынан немесе басқа көздерден алынса. **Баяндама**- белгілі бір оқу-практикалық, оқу-зерттеу немесе ғылыми мәселенің шешу иәтижелерін көрсетуге бағытталған студенттің дербес дайындаған көпшілік алдында сойлеуі.

Бағалау олшемдерінің саны мен салмағы баяндаманың тек бір өзі немесе жұмыстың белгілі бір болігін екендігіне байланысты.

Бақылау формасы	Бағалау олшемдері	Балл
<b>Баяндама</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- баяндаманың алдына қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкестігі;</li> <li>- тақырыптың түсініпіндегін корсетті, мәліметке сынни талдау жасай алу дағдысын корсетті;</li> <li>- зерттеу әдістерін білетіндегін және оны пайдалану дағдысын корсетті;</li> <li>- таблица, арқылы қорытынды жасайды.</li> </ul>	
	схема, сурет және т.б.; презентацияга дайындық кезінде шығармашылығын корсетті.	<i>100 балл</i>

**Конспект** білім алушылардың мәліметтерді ондеуге байланысты дағдыларының қалынтастыруға және оны бағалауға мүмкіндік береді.

Бақылау формасы	Бағалау олшемдері	Балл
<b>Конспект</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіннің оптималды колемі (үштеп бірінен артық емес);</li> <li>- мәтіннің логикалық құрылышынан мәтіннің байланыстырылғысы;</li> <li>- материалдың баяндаудың толықтығы/тереңдігі (негізгі ойлар мен негізгі ережелер);</li> <li>- ондеудің пәннегесінде ақпаратты визуализациялау (таблицалар, схемалар, суреттер); бәзенірізу (ұқыптылық және т.б.).</li> </ul>	<i>100 балл</i>

**Реферат** – білім алушының дербес орындаған, колемі 15 бетке дейінгі өзіндік жұмысын корсеттің белгілі бір ғылыми (ғылыми-зерттеу) тақырыбы теориялық талдаудан алынған иәтижелерді әр түрлі түргесінан анын корсеттің жазбаша түрде кысқаша баяндау.

**Сигналуста** тақырыптар тізбесі келтіріледі, олардың арасынан студент реферат тақырыбын таңдайды.

Бакылау формасы	Бағалау өтінімдері	Балл
<b>Реферат</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ақпараттың жеткіліктілігі;</li> <li>- материалдың тақырыбы мен жоспарының сәйкестілігі;</li> <li>- мазмұндау тілі мен стилі (терминологияны мақсатты пайдалану, түсіндірме жаңа үзгемдердің, жазбаға түсініктемелердің логикалық оғырыс қолданылуы және т. б.);</li> <li>болуы айқын озіндік позициясы;</li> </ul> <ul style="list-style-type: none"> <li>- айқын озіндік позициясының болуы;</li> <li>- барабарлығы мен қолданылған әдебиеттер саны</li> </ul>	
		<i>100 балл</i>

**Ғылыми мақала** бағалау күралы ретінде студенттің оқу материалын менгеру деңгейін, сондай-ақ жаңы ақпаратпен жұмыс жасау біліктілігінің қалыптасу көрсетеді.

Бакылау формасы	Бағалау өтінімдері	Балл
<b>Ғылыми мақала</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>тақырыптың озектілігін негіздеу және оның анықтау дәрежесі;</li> <li>мақала жазу логикасының сақтауы;</li> <li>мақаланың таңдалған журнал тақырыбына сәйкестілігі;</li> <li>автордың ережелерін сақтау;</li> <li>ғылыми мақаланы ресімдеу нормаларын сақтау</li> </ul>	
		<i>100 балл</i>

**Эссе** - бұл білім алушының қойылған мәселенің негізін жазбаша баяндау, әртүрлі тұғырларды пайдалана отырын, дербес таңдау жасай алу, берілген мәселе бойынша авторлық позициясын көрсете отырын, корытынды шыгару біліктіліктерін бағалау күралы. Эссенің рефераттан айырмашылығы – бұл дербес шыгарма- студенттің ғылыми мәселе бойынша ғылымның басқа салаларының, өнер, өзінің жеке тәжірибесі, қоғамдық практика идеялары мен концепцияларды, ассоциативті образдарды, пайдалана отыры ой толғауы. Эссені сабак барысында пайдалануға болады (онда уақыт шектеулі 5 минуттан 45 минутка дейін) немесе аудиториядан тыс.

Бакылау формасы	Бағалау өтінімдері	Балл
<b>Эссе</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіннің логикалық құрылымының болуы, (мәселе қойылған кіріспе; негізгі идеяларға болған негізгі болім; алғандағы нәтижені пайымдау негізіндең қорытындылар);</li> <li>- эссе тақырыбы бойынша анық белгілі бір жеке үстапшының болуы;</li> <li>- жеке үстапшының негіздеу барабарлығы;</li> <li>- мазмұндау стилі (қоссіби терминдер, цитаталар, стилистикалық сөйлем құру, және т. б. пайдалану)</li> </ul>	
		<i>100 балл</i>

**Семинар** тек кана оқу сабактарын үйімдастыру формасы емес, сонымен катар бағалау куралы болуы мүмкін. Бұл жағдайда семинарды откізу және бағалау білім алушыға сеніп тапсырылуы мүмкін, мысалы, ол семестр бойынша корытынды бағанын 10%-тін қоюға мүмкіндігі бар. Білім алушы семинарды үйімдастыру барысындағы өзінің барлық іс-әрекеттері бойынша жауапкершілік алады (такырып таңдайлы, дереккөздер тізімі немесе материалдар тізімін, үлестірме материалдарын, семинарды откізу жоспарын дайындайды) және откізеді.

Бақылау формасы	Бағалау өлшемдері	Балл
